

Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақыларын беру және қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы беру Қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Саран қаласының мәслихатының 32 сессиясының 2006 жылғы 22 желтоқсандағы N 517 шешімі. Қарағанды облысы Саран қаласы Әділет басқармасында 2007 жылғы 02 ақпанда N 8-7-36 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Саран қаласының мәслихатының 16 сессиясының 2009 жылғы 23 шілдедегі N 282 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Саран қаласының мәслихатының 16 сессиясының 2009.07.23 N 282 шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы", "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 қыркүйектегі "Қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы беру Қағидасы туралы" N 949 қаулысына, Қазақстан Республикасының еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігінің 2002 жылғы 13 ақпандағы "Адрестік көмекке мұқтаж адамның (отбасының) жиынтық кірісін анықтау ережелерін бекіту туралы" Атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын белгілеудің ережесін бекіту туралы N 31–II бұйрығына сәйкес, Саран қалалық мәслихаты

Ш Е Ш Т І :

1. Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақыларын беру және қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы беру Қағидаларын бекітілсін.

2. Осы шешімнің қабылдануына байланысты, Саран қалалық мәслихатының төмендегі шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

1) Қалалық мәслихаттың 2006 жылғы 8 маусымдағы 27 сессиясының "Тұрғын үй жәрдемақыларын тағайындау және аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақыларын беру және қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы беру Қағидаларын бекіту туралы" N 447 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу

реестрінде 8–7–27 нөмірмен тіркелген, "Ваша газета" газетінде 2006 жылы 8 шілдедегі N 27 жарияланған);

2) Қалалық мәслихаттың 2006 жылғы 13 шілдедегі 28 сессиясының "Саран қалалық мәслихатының 2006 жылғы 8 маусымдағы "Тұрғын үй жәрдемақыларын тағайындау және аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақыларын беру және қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы беру Қағидаларын бекіту туралы" N 447 шешіміне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" N 468 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу реестрінде 8–7–30 нөмірмен тіркелген, "Ваша газета" газетінде 2006 жылы 26 тамызда N 34 жарияланған).

3. Осы шешім әділет органында мемлекеттік тіркеуден өткеннен соң, он күннен кейін, қалалық "Ваша газета" газетінде ресми жарияланғаннан кейін күшіне енеді.

Сессия төрағасы

В. Закамолкин

Мәслихат хатшысы

Б. Ешмағамбетов

С а р а н қ а л а л ы қ м ә с л и х а т ы н ы ң
2 0 0 6 ж ы л ғ ы 2 2 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
3 2 с е с с и я с ы н ы ң N 5 1 7
шешімімен бекітілді

Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақыларын беру және қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абонентті ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы беру Қағидалары

Осы Қағида Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" N 148-ІІ Заңына, Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 қыркүйектегі "Телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" N 949 қаулысына, Қазақстан Республикасы еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігінің 2002 жылғы 13 ақпандағы "Адрестік көмек алуға мұқтаж тұлғаның (отбасының) жиынтық кірісін анықтау ережелерін бекіту туралы" N 31–ІІ бұйрығына сәйкес әзірленген және аз қамтылған азаматтарға тұрғын үй жәрдемақысын беру тәртібін белгілейді.

1. Жалпы ережелер.

1. Осы Қағидада мынандай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) тұрғын үй жәрдемақысы - тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызметті тұтыну, төлем шығындарын қайтару үшін, сондай-ақ қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылулары бойынша тұрғындардың аз қамтылған топтарына берілетін ө т е м а қ ы ;

2) өтініш беруші (жеке тұлға) – жеке өз басы немесе отбасы атынан тұрғын үй жәрдемақысын тағайындауға өтініш беруші тұлға (бұдан әрі - өтініш беруші);

3) отбасы - заңнамада белгіленген тәртіппен бір мекен-жай бойынша бірге тұратын және тіркелген, отбасы құрамында тұратын некеден, туыстық, асырап алудан немесе балаларды тәрбиелеуге алудың басқа да үлгілерінен шығатын мүліктік және мүліктік емес құқықтармен және міндеттермен байланысатын т ұ л ғ а л а р с а н ы ;

4) жиынтық табыс – отбасының ақшалай да, заттай да нысанда алған т а б ы с ы н ы ң ж а л п ы с о м м а с ы ;

5) тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау жөніндегі уәкілетті орган - қаланың, ауданның жергілікті атқарушы органы (бұдан әрі - уәкілетті орган);

б) жәрдемақыны беру жөніндегі уәкілетті ұйым - екінші деңгейдегі банктер немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыруға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар ұйымдар.

2. Тұрғын үй жәрдемақысы тұрғылықты мекен-жайда тұрақты тұратын адамдарға мынандай жағдайда, егер тұрғын үйді күтіп ұстау мен коммуналдық қызметті тұтыну төлеміне шыққан шығын тұрғын үй алаңының мөлшері шегінде болса, нақты тұратын жалпы алаң көлемінен жоғары болмай және осы мақсатқа жіберілетін шығындар шегіндегі үлестен артпайтын отбасы бюджетінің коммуналдық қызметті тұтыну мен тұрғын үйді ұстауға, сонымен қатар қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына шыққан шығындар мөлшерлері болса ғана беріледі. 2007 жылғы 1 қазаннан 2008 жылғы 1 қаңтардан тұрғын үйді күтіп ұстауға және тұтынған коммуналдық қызметтер төлеміне шыққан шығындар шегіндегі үлесі 10% мөлшерінде отбасының жиынтық табысымен белгіленеді.

Ескерту. 2 тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Саран қаласының мәслихатының 2007.09.04 N 27 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз); 2007.10.22 N 36 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімдерімен.

2. Көрсетілетін тұрғын үй жәрдемақысының мөлшерін анықтау.

3. Тұрғын үй жәрдемақысы өтініш берушінің тұрғылықты жері бойынша уәкілетті органдарымен келесі мөлшерде беріледі:

1) өтемақымен қамтылған тұрғын үй алаңының нормалары тұрғын үй заңнамаларымен бекітілген (18 шаршы метр) отбасының әр мүшесіне ұсынылған тұрғын үй нормаларына балама, көп бөлмелі пәтерлерде тұратын жалғызілікті азаматтар үшін - 30 шаршы метр 2008 жылдың 1 қазан айынан өтемақымен қамтылған тұрғын үй алаңының нормалары тұрғын үй заңнамаларымен бекітілген (18 шаршы метр) отбасының әр мүшесіне ұсынылған тұрғын үй нормаларымен бірдей, көп бөлмелі пәтерлерде тұратын жалғызілікті зейнеткерлер мен жалғызілікті мүгедек азаматтар үшін әлеуметтік нормасы – 40 шаршы метр көп бөлмелі пәтерлерде тұратын жалғызілікті зейнеткерлер мен мүгедектер үшін бөлінетін алаңның әлеуметтік мөлшері – пәтердің жалпы көлемі б о л ы п т а б ы л а д ы ;

2) бір адамға тұтынылған коммуналдық қызметтер мөлшері:
газ: орталықтандырылған ыстық сумен жабдықталған жағдайда - айына 8 килограмм; орталықтандырылған ыстық су болмаған жағдайда – айына 10 к и л о г р а м м ;

к а т т ы о т ы н :
1 шаршы метр алаңды жылытуға бір жылды есепке алғанда – 1-2 қабатта салынған үйлер үшін 346 килограмм, 3-4 қабатта салынған үйлер үшін 225 килограмм, 5 қабатты салынған үйлерге 134 килограмм (жылу беру мерзімі 7 а й ғ а е с е п т е г е н д е) .

Тұрғын үй жәрдемақысын есептеу барысында статистика органдарының мәліметтері бойынша өткен тоқсандағы облыстың қалалары мен аудандарында қалыптасқан көмір бағасы пайдаланылады.

Отбасына электр қуатын тұтыну:
газ плитасы бар үйлерде - 150 киловатт;
электр плитасы бар үйлерде – 250 киловатт.

3) суық суды, канализацияны, ыстық суды, қоқыс төккішті, эксплуатациялық шығындарды тұтыну нормалары (пәтер меншіктерінің кооперативі, өзін-өзі басқару комитеті, үй комитеттері және әрі қарай) басқару үлгісіне байланыссыз тарифтерді бекітетін органдармен белгіленеді.

4) тұрғын үй төлемі мен коммуналдық қызметке белгіленген мөлшерден жоғары тұтыну жалпы негізде жүргізіледі.

Ескерту. 3 тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Саран қаласының

мәслихатының 2007.10.22 N 36 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) 2008.10.09 N 162 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімдерімен.

3.Тұрғын үй жәрдемақыларды тағайындау және төлеу тәрібі.

5. Тұрғын үй жәрдемақылары осы елді мекенде тұрақты тұратын және үй иелері немесе пайдаланушысы болып табылатын (жалға алушы, жалдаушы) жеке тұлғаларға тағайындалады. Отбасы құрамында балалары, немерелері бірге тұратын, пәтер иесі болып табылатын зейнеткерлерге жәрдемақы балалары мен немерелері есепке алынбай тағайындалады.

6. Жеке меншігінде бірнеше үйі бар (пәтер, үй) немесе тұрғын үйлерін жалға беретін (жалдайтын) немесе жалдайтын отбасылары тұрғын үй жәрдемақысын алуға құқықтарын жоғалтады.

7. Егер де күтімді қажет етеді деп танылған он сегіз жастан асқан азаматтарға және мүгедектерге күтім жасайтын, 3 жасқа дейінгі баланы тәрбиелеу (бір немесе бірнешеу) сондай-ақ, 4 және одан да көп баланы - бірінші сыныпты ең кіші баланың аяқтауына дейін (бірақ 9 жастан жоғары емес) тәрбиелеумен айналысатын адамдарды есепке алмағанда отбасында жұмыс істеуге қабілеті бар адамдар тұрса, еш жерде жұмыс істемейтін, оқымайтын, әскер қатарында қызмет етпейтін, жұмыспен қамту органдарында жұмыссыздығы жөнінде тіркелмеген адамдардың тұрғын үй жәрдемақысын алуға құқықтары жоқ.

8. Дау-жанжал туған кезде немесе сәйкес келмейтін жағдайлар болған кезде тұрғын үй жәрдемақысы туралы мәселені шешу үшін уәкілетті орган жанындағы арнайы комиссияның қарауына енгізіледі. Комиссия шешімімен келіспеген жағдайда жәрдемақыға үміткер тұлға оны сот арқылы шешіп алуға құқығы бар.

9. Тұрғын үй жәрдемақысының мөлшері тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызметтер және қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына нақты төлемақыны аудару соммасынан артуы тиіс емес.

10. Тұрғын үй жәрдемақысы қолма-қол немесе қолма-қол ақысыз беріледі. Қолма-қол ақысыз төлемнің үлгісі – бұл тұрғын үй жәрдемақысының тең соммасына тұрғын үй және коммуналдық қызметтерді ұстауға төлемді азайтады. Тұрғын үй жәрдемақысының соммасы коммуналдық қызметтерді жеткізушіге аударылады.

Қолма-қол үлгісі ақшалай төлем түрінде белгіленеді. Тұрғын үй жәрдемақысының төлемі жәрдемақылар төлеу жөніндегі уәкілетті ұйымдар бюджет қаражаты есебінен азаматтардың салымы бойынша есеп шоттарына аудару жолымен жүзеге асырылады.

Тұрғын үй жәрдемақыларын төлеу формасын таңдау құқығы (қолма-қол немесе қолма-қол ақысыз) алушыға беріледі.

11. Тұрғын үй жәрдемақылары төлемдерін қаржыландыру бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

4. Тұрғын үй жәрдемақыларды беру мерзімдері.

12. Тұрғын үй жәрдемақылар тоқсан сайын отбасы құрамы және табыстары туралы мәліметтерді бере отырып, өтініш берілген айдан бастап барлық қажетті құжаттармен бір жылға тағайындалады. Тұрғын үй жәрдемақысын алушылардың қайта тіркелуі құжаттарды алғаш рет тапсырған рәсіміне сәйкес болады.

Тоқсан сайын отбасы құрамы және табыстары туралы мәліметтерді ұсынған отбасылар құжаттарды нақты тапсырған күннен бастап емес, тұрғын үй жәрдемақысын бір тоқсанға алады.

Ағымдағы тоқсан бойы отбасы құрамы және табыстары туралы мәліметтерді ұсынбаған отбасылар, себебіне қарамай, тұрғын үй жәрдемақыларды есептеу құжаттар ұсынылған айдан бастап жүргізіледі.

13. Тұрғын үй жәрдемақысын алушылар 15 күннің ішінде тұрғын үй жәрдемақысын алу құқығына және мөлшеріне әсер ететін жағдайлар жөнінде уәкілетті органдарға хабарлауы керек.

Өтем жоғары немесе төмен тағайындалуына әкелген, дұрыс емес ақпарат ұсынған отбасы (тұлға) бір жыл бойы жәрдемақы алу құқығынан айрылады, ал тұрғын үй жәрдемақысы түрінде алынған сома заңнамада белгіленген тәртіппен қайтаруға жатады.

14. Тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызмет ақысын төлеуге рұқсат етілетін шығындар шегінің үлесі, коммуналдық қызметтердің тарифтері өзгерген жағдайда бұрында тағайындалған жәрдемақылар тиісті өзгерістер болған уақыттан бастап қайта тағайындалады.

15. Жәрдемақыға құқтыларды анықтау кезде басқа қалаларда уақытша тұратыны тиісті құжаттармен дәлелденген адамдар есепке алынбайды.

5. Тұрғын үй жәрдемақыларын өтіну және есептеу тәртібі.

16. Тұрғын үй жәрдемақыларын тағайындау үшін өтініш беруші тұрғылықты жері бойынша уәкілетті органға келесі құжаттармен өтінеді:

- 1) тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау туралы өтініш;
- 2) жеке басын куәландыратын құжат;

3) тұрғын үйге құқығын анықтайтын құжаттардың көшірмесі (ордер, тұрғын үй жекешелендіргені туралы келісім-шарт, сату-сатып алу келісім шарты, сыйға беру келісім шарты, мұрагерлік құқығы жөніндегі куәлік, жалдау (жалға алу)

келісім шарты, меншік құқығын тану жөніндегі, пәтердің техникалық сот шешімі және басқалар);

4) отбасы құрамын (азаматтарды тіркеу кітабы, пәтердің карточкасы, үй кітабы) және тұрғылықты жерін анықтайтын құжаттың көшірмесі;

5) өтініш берушінің отбасы жағдайын анықтайтын құжаттың (неке туралы немесе некені бұзу туралы куәлік, жалғызбасты 65 жастан асқан адамдарды қоспағанда) көшірмесі;

6) отбасы мүшелерінің қызмет түрі жөнінде мәлімет (еңбек кітапшасының көшірмесі, жұмыс орнынан анықтама және басқалар);

7) тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызметтерге төлеу жөніндегі шығындар туралы мәліметтер (түбіртек);

8) өтініш берушінің қалалық телекоммуникациялар желісінің абоненті екендігін анықтайтын (келісім шарт немесе телекоммуникация қызметтер есебінің түбіртегі) құжаттың көшірмесі;

9) отбасы мүшелерінің табысы жөнінде мәлімет;

10) жұмыссыздар тұрғылықты жер бойынша жұмыспен қамту мәселесі жөніндегі уәкілетті органның анықтамасын тапсырады;

17. Құжаттың түпнұсқасымен және көшірмесі салыстырып тексеру үшін тапсырылады, одан соң түпнұсқа өтініш берушіге қайтарылып беріледі.

18. Қажеттілігіне қарай уәкілетті орган тұрғын үй жәрдемақысын тағайындауға өтініш білдірген отбасының материалдық-тұрмыстық жағдайын тексеруге құқығы бар (арнаулы комиссияның тапсырысы бойынша). Тексеру актісі тұрғын үй жәрдемақысын алушының жеке ісіне тіркеледі.

19. Тапсырылған құжаттарды қарау нәтижесінде отбасына тұрғын үй жәрдемақысын беру жөнінде келісім-шарт жасалады. Келісім-шарт екі данада жасалып, оның біреуі тұрғын үй алушыда сақталады. Аталған келісім-шарт тұрғын үй жәрдемақысын беру үшін негіз болып табылады. Уәкілетті органмен ай сайын тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау есебі жүргізіледі, ол өтініш берушінің өтініміне қарай беріледі.

20. Мәліметтердің шындығына сенімсіздік туған жағдайда уәкілетті орган сұраныс жасауға құқты, ал заңды тұлға мен жеке тұлғалар тұрғын үй жәрдемақысын алуға үміткер адамның табысы туралы мәлімет беруге міндетті.

21. Жәрдемақы мөлшері тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметті пайдалануға тұрғын үй жәрдемақын алушысының қалалық телекоммуникация желісінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына төлем мен тұрғын үй жәрдемақы алуға үміткер отбасылардың шығындар деңгейінің айырмасы ретінде есептеледі.

6. Тұрғын үй жәрдемақыларын төлеуге жиынтық табысын есептеу.

22. Тұрғын үй жәрдемақысын алуға үміткер отбасының жиынтық табысын (бұдан әрі – жиынтық табыс) тұрғын үй жәрдемақысын тағайындауды жүзеге асыратын уәкілетті орган есептейді (бұдан әрі – уәкілетті орган).

23. Отбасының жиынтық табысын есептегенде отбасы құрамында бірге тұратын, шаруашылықты бірге жүргізетін және тұрғылықты бір жерде тіркелген отбасының барлық мүшелері ескеріледі. Есепті кезеңде құрамында өзгерістер болған отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде келген кеткен отбасы мүшесінің табысы келесі тоқсанның бірінші айынан бастап есепке алынады. Айдын шығуынан бастап, есептеу кезінде жанұя құрамы отбасы жиынтық табысын есептегенде шыққанның табысын есептемейді.

24. Жиынтық табысын есептеу кезінде тұрғын үй жәрдемақысына өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсандағы (бұдан әрі - есепті кезең) Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде ақшалай немесе заттай түрде алынған табыстың барлық түрлері есептеледі.

25. Егер отбасының бір мүшесі табыс есептелетін тоқсаннан аз уақыт жұмыс істесе, осы тоқсанда жұмыс істеген барлық уақыты отбасының жиынтық табысына есептеледі.

26. Бір тоқсанан астам уақытқа төленуге тиесілі табыс бір мезгілде алынған кезде (оның ішінде жалақы, алимент, зейнетақы, жәрдемақылар және тағы басқа бойынша берешектер) жиынтық табысқа есептік кезеңде алынған табыстың барлық соммасы есептеледі.

27. Шетелдік валютада алынған табыс Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есеп беру туралы заңнамасында және бухгалтерлік есеп стандарттарында белгіленген тәртіппен валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша ұлттық валютаға қайта есептеледі.

28. Орташа жан басына шаққандағы табыс отбасының тоқсан ішіндегі жиынтық табысын отбасы мүшелерінің санына және 3 айға бөлу жолымен белгіленеді.

7. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде есепке алынатын табыс түрлері.

29. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде есепті кезеңде алынған табыстың мынадай барлық түрлері есепке алынады:

- 1) еңбекақы, әлеуметтік төлемдер түрінде алынатын табыс;
- 2) кәсіпкерлік және басқа да қызмет түрлерінен түсетін табыс;

3) балаларға және басқа да асырауындағыларға арналған алимент түріндегі табыс ;

4) жеке қосалқы шаруашылықтан - мал мен құс ұстауды, бағбандықты, бақша өсіруді қамтитын үй жанындағы шаруашылықтан түсетін табыс;

5) өзге де табыс .

30. Отбасының жиынтық табысында мыналар есепке алынбайды:

1) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек;

2) тұрғын үй жәрдемақысы;

3) жерлеуге арналған бір жолғы жәрдемақы;

4) бала тууына байланысты берілетін бір жолғы мемлекеттік жәрдемақы;

5) жеке ісін ашуға және (немесе) жеке қосалқы шаруашылықты дамытуға арналған материалдық көмек. Егер жеке ісін ашуға және (немесе) жеке қосалқы шаруашылықты дамытуға арналған материалдық көмек мақсатына сай пайдаланылмаса, жиынтық табыс көрсетілген көмек сомасын ескере отырып есептеледі ;

б) отбасы мүшелерінің біреуі осы отбасында тұрмайтын адамдарға төлейтін алимент ;

7) азаматтардың тегін немесе жеңілдікпен протездеуге бару жолына ақы төлеу ;

8) протездеу уақытында азаматтарды асырау;

9) азаматтардың елді мекеннен тыс жерлерге емделуге тегін немесе жеңілдікпен жол жүру құны ;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес: дәрілік препараттар, санаторийлік-курорттық емдеу, протездік-ортопедиялық бұйымдар (жасау және жөндеу), жүріп-тұру құралдары (кресло-арбалар) мен мүгедектерге бөлінген басқа да сауықтыру құралдары, білім алу кезеңінде оқушыларды тегін тамақтандыру түрінде көрсетілген заттай көмек түрлері.

11) ақшалай және заттай түрдегі (құндық бағадағы) қайырымдылық көмек;

12) төтенше жағдайлар салдарынан олардың денсаулығына және мүлкіне келтірілген зиянды өтеу мақсатында отбасына көрсетілген көмек.

8. Жиынтық табысты есептеу кезінде есепке алынатын, балаларға және басқа да асырауындағыларға арналған алимент түріндегі табыс.

31. Балаларға және басқа да асырауындағыларға арналған алимент жиынтық табыс құрамында есепке алынады .

Алименттер, сондай-ақ алимент төлеушінің жалақысын қайта есептеуге байланысты алынған алименттің қосымша сомасы жиынтық табысқа олардың алынған уақыты бойынша есепке алынады .

32. Адамдардың асырауындағыларды ұстауға міндетті адамның тұрғылықты жері туралы мәліметтердің болмауы себебінен алимент өндіріп алуға мүмкіндігі болмаған жағдайда, отбасының жиынтық табысы көрсетілген адамның іздеуде жүргені туралы тиісті органдардан алынған құжаттар қоса берілген жазбаша өтініш негізінде есептеледі.

33. Егер төлеуші алимент төлеуден жалтарған жағдайда, жиынтық табысқа алимент есепке алынбай есептеледі.

34. Егер ата-анасының арасында неке бұзылмай жұбайлардың біреуінен алимент өндіріп алынса, осы жұбайы отбасымен бірге тұрған кезде оның табысы жиынтық табыста толық есепке алынады. Жұбайлар бөлек тұрған жағдайда, отбасының жиынтық табысында алимент есепке алынады.

35. Егер баланың анасы баланың әкесімен тіркелген некеде тұрмаса, онымен бірге тұрмаса және алимент өндіріп алу туралы сот шешімі болмаса жиынтық табысқа алиментті есепке алмай есептеледі.

36. Балаларға және басқа да асырауындағыларға алынған алимент ұйымдардың аударылған алимент туралы анықтамаларымен не почта аударымдарының алынған алимент туралы түбіртегімен, сондай-ақ сот органдарының алимент өндіріп алу туралы шешімі қоса берілген жазбаша өтініш негізінде расталады. Алимент бойынша 3 айдан астам кезең үшін берешек пайда болғанда сот орындаушысының алимент бойынша берешекті айқындау туралы қаулысы ұсынылады.

9. Жиынтық табысты есептеу кезінде есепке алынатын, еңбекақы, әлеуметтік төлемдер түрінде алынған табыс

37. Жиынтық табысты есептеу кезінде отбасының мынадай (осы Ереженің 30-тармағында көрсетілгендерден басқа) түрде алынған табысы есепке алынады:

1) жұмыс беруші еңбекақы ретінде есептеген, атап айтқанда: жалақының барлық түрлері, оның ішінде кесімді, мерзімді, сондай-ақ ақшалай және заттай нысандағы сыйлықақылар, қосымша ақылар, үстемеақылар (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жалақысы сақталатын кезеңге қызметкерге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленетін ақшалай соманы қоса алғанда, қаржыландыру көзіне қарамастан); демалыс уақытында сақталатын жалақы, сондай-ақ пайдаланылмаған еңбек демалысы үшін ақшалай өтемақы; ұйым (заңды тұлға) таратылған немесе жұмыс берушінің (жеке тұлғаның) қызметі тоқтатылған, қызметкерлер саны немесе штаты қысқартылған жағдайда жеке еңбек шартының бұзылуы кезінде, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерде төленетін өтемақылар; уақытша, маусымдық және қоғамдық жұмыстарды орындау кезеңіндегі жалақы.

Маусымдық жұмыстармен айналысатын қызметкерлердің жалақысы оны алған кезеңнен бастап отбасының жиынтық табысына есептеледі. Жалақы болмаған кезеңде ол жиынтық табысқа есептелмейді. сақтандыру агенттері мен брокерлерге төленетін комиссиялық сыйақы; бала туғанда және жерлеуге берілетін жәрдемақылардан басқа, жалақы есептеу кезінде ескерілмейтін және ұйым қаражатының есебінен төленетін басқа да төлем түрлері; мерзімді қызметтегі әскери қызметшілердің ақшалай үлесін қоспағанда, әскери қызметшілердің, оның ішінде келісім-шарт бойынша қызмет өткеріп жүргендердің және ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының, сондай-ақ соларға теңестірілген азаматтар санаттарының үстемеақылар мен қосымша ақылар ескерілген ақшалай үлесі; жалдау бойынша төленетін еңбекақы; жұмыс беруші төлеген несие сомасы. Көрсетілген төлемдер несиені өтеудің белгіленген мерзіміне бөліп таратылады;

2) әлеуметтік төлемдер, атап айтқанда: Қазақстан Республикасының заңдарында және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерінде белгіленген тәртіппен тағайындалатын зейнетақылардың барлық түрлері, оларға өтемақы төлемдері; мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар; арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар; жерасты және ашық кен жұмыстарында, сондай-ақ еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ауыр жұмыстарда істеген адамдарға берілетін мемлекеттік арнаулы жәрдемақылар; мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдер; бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне берілетін мемлекеттік жәрдемақылар; үйде тәрбиеленетін және оқитын мүгедек-балаларды материалдық қамсыздандыру;

қаржыландыру көзіне қарамастан, оқушыларға, студенттерге, аспиранттарға, докторанттарға, басқа да оқу орындарының тыңдаушыларына төленетін стипендия; жұмыс берушінің қаражаты есебінен берілетін әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі жәрдемақылар; 1, 2-топтағы жалғыздікті, басқа адамның көмегіне мұқтаж мүгедектердің мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларына қосылатын күтімге арналған қосымша үстемеақылар мен жергілікті мемлекеттік басқару органдарының шешімі бойынша бюджеттен берілетін басқа да ұдайы төлемдер; жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен көрсетілетін, қалаішілік қоғамдық көлікте жүруге берілетін материалдық (әлеуметтік) көмек; заңдарға және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес берілетін, осы Ереженің 30-тармағының 10) тармақшасында көрсетілгендерден басқа, заттай көмек түрлерінің құны, сондай-ақ осы көмектің орнына төленетін сома; осы бөлімде көрсетілген, Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде белгіленген, жергілікті мемлекеттік басқару органдары, мекемелер мен басқа да ұйымдар белгілеген барлық төлем түрлеріне өзге де

үстемес ақылар мен қосымша ақылар.

38. Жиынтық табыстың құрамына қызметкер еңбек және қызметтік міндеттерін атқару кезінде оның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу туралы заңнамаға сәйкес жұмыс беруші төлейтін бір жолғы төлемдер мен ай сайынғы сома қосылады.

39. Азаматтық-құқықтық шарттар бойынша (мердігерлік және басқа) жұмыстарды орындайтын адамдардың табысы шарт қолданылатын бүкіл кезеңге жиынтықталады. Алынған табыс жұмысты орындау үшін шартта көзделген айлардың санына бөлінеді және есепті кезеңге келетін айлардағы жиынтық табыста есепке алынады.

40. Азаматтық-құқықтық шарттар бойынша, оның ішінде ғылыми, әдеби және өнер туындыларын және т.б. жасауға, шығаруға, орындауға немесе өзге де пайдалануға алынған, осы шарт есебіне аванспен төленетін сыйақылар аванс берудің бүкіл кезеңіне (ай сайын теңдей үлеспен) есепке алынады, ал қалған сома шарттың аванс бергеннен кейінгі қолданылу кезеңіне (ай сайын теңдей үлеспен) есепке алынады.

41. Авторлық сыйақылар (шарттар болмаған кезде), сондай-ақ жаңалық ашқаны, өнертабыстар мен рационализаторлық ұсыныстары үшін сыйақылар жиынтық табысқа сыйақы сомасын ол алынған айлардың санына бөлуден алынған үлес мөлшерінде қосылады және есепті кезеңге келетін айлардың санына көбейтіледі.

42. Еңбекақы, әлеуметтік төлемдер түрінде алынған табыс олардың мөлшері туралы анықтамалармен расталады.

10. Жиынтық табысты есептеу кезінде есепке алынатын, кәсіпкерлік және басқа да қызмет түрлерінен алынған табыс

43. Жиынтық табысты есептеу кезінде кәсіпкерліктен және басқа да қызмет түрлерінен:

- 1) өнімді (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан;
- 2) тауарлы-материалдық құндылықтарды, мүлікті сату кезіндегі құн өсімінен;
- 3) шаруа (фермер) қожалығы қызметінің нәтижесінде және шартты жер үлесі мен мүлік жарнасынан алынған.

Шаруа қожалығы мүшелерінің жиынтық табысын есептеу салық органдарына ұсынылатын, алынған табыс туралы декларацияда көрсетілген ауыл шаруашылығы өнімін сатудан нақты алынған табыс ескеріле отырып жүргізіледі. Бұл ретте жылдық табыс он екі айға бөлінеді және оның тиісті бөлігі айқындалатын кезеңдегі жалпы жиынтық табысқа қосылады;

- 4) өзін-өзі жұмыспен қамтудан түскен табыс есепке алынады.

44. Жекелеген азаматтарда жұмыс істейтін адамдар жалақысын шарттың көшірмесімен, жалға алушының анықтамасымен немесе өтініш негізінде р а с т а й д ы .

Жекелеген азаматтарда шарттар жасамай жұмыс істейтін адамдардың жиынтық табысы олардың өтініштері негізінде расталады. Бұл ретте жалақының заттай бөлігі жиынтық табысқа нарықтық баға бойынша ақшалай баламада қ о с ы л а д ы .

45. Өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың табысы жазбаша өтінішпен р а с т а л а д ы .

46. Кәсіпкерлік қызметпен арнаулы салық режимі жағдайында айналысатын адамдардың табысы бір жолғы талон, патент, оңайлатылған декларация негізінде р а с т а л а д ы .

Шаруа (фермер) қожалығы қызметінің нәтижесінде алынған табысты қоса алғанда, ресми расталмаған табыс әрбір жұмыс істеушіге шаққанда ең төмен жалақыдан кем емес мөлшерде есепке алынады.

11. Жиынтық табысты есептеу кезінде есепке алынатын өзге табыс

47. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде мынадай өзге де табыс е с е п к е а л ы н а д ы :

- 1) жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын жалға беруден;
- 2) бағалы қағаздардан (дивидендтер);
- 3) шетелдік валютаны өткізуден;
- 4) асыл тастар мен қымбат бағалы металдарды, олардан жасалған зергерлік бұйымдарды және құрамында асыл тастар мен қымбат бағалы металдар бар басқа да заттарды, сондай-ақ өнер туындыларын және антиквариат сатудан;
- 5) жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын сатудан;
- 6) авторлық сыйақы түріндегі;
- 7) жылжымайтын мүлікті, көлік құралдарын және басқа да мүлікті сыйға тарту, мұрагерлікке алу түрінде алынған;
- 8) несиені (шағын несиені) пайдаланудан;
- 9) қайтарымсыз алынған ақша;
- 10) ақша салымдары бойынша сыйақы (мүдде);
- 11) ақшалай аударымдар;
- 12) конкурстарда, жарыстарда (олимпиадаларда), фестивальдарда, лотереялар , салымдар мен борышкерлік бағалы қағаздар бойынша ұтыстарды қоса алғанда, ақшалай және (немесе) заттай түрдегі ұтыстар;
- 13) туысқандарының және басқа да адамдардың ақшалай және заттай көмегін (құн түрінде) қоса алғанда, өзге де мәлімделген табыс.

14) 18 жасқа дейінгі балалары бар отбасыларына жәрдемақы. Көрсетілген табыс алынған уақыты бойынша есепке алынады және жазбаша өтінішпен расталады.

Орта білім беру, сондай-ақ жоғары және орта арнаулы білім беру жүйесінде ақылы негізде күндізгі бөлімде оқитын шәкіртақы алмайтын студенттердің жиынтық табысына ерікті айтылған табысы есептеледі.

48. Жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын жалға беруден алынған, ресми расталмаған табыс бір айдағы ең төмен жалақыдан кем емес мөлшерде есепке алынады.

49. Алынған несиелердің (шағын несиелердің) сомасы жиынтық табыста есепке алынбайды.

50. Жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын сатудан алынған табыс оның алынған күннен бастап бірге жалпы жиынтық табысқа қосылады.

Басқа тұрғын үй (көлік құралын) сатып алған жағдайда, жылжымайтын мүлікті (көлік құралын) сатудан алынған сома мен сатып алынған тұрғын үй (көлік құралы) құнының арасындағы айырма отбасының жиынтық табысында есепке алынады.

12. Жиынтық табысты есептеу кезінде есепке алынатын, жеке қосалқы шаруашылықтан алынған табыс

51. Жеке қосалқы шаруашылықтан (үй малын, құс өсіруден, ауыл шаруашылығы (гүл) өнімдерін өсіруден) түскен табыс жиынтық табыстың құрамына қосылады.

52. Жиынтық табыста есепке алынатын жеке қосалқы шаруашылықтан, ауыл шаруашылығы (гүл) өнімдерін өсіруден, мал мен құс ұстаудан және өсіруден алынған табыс өтініш берушінің, әкімі немесе басқа да құзыретті орган растаған жеке қосалқы шаруашылығының болуы және мөлшері туралы мәліметтерінің негізінде әрбір отбасы бойынша есептеледі.

53. Жеке қосалқы шаруашылықтан алынған табысты уәкілетті орган осы қосымшалардың негізінде есептейді; жеке қосалқы шаруашылықтың табысын есептегенде Саран қаласы табиғи жағдайы бойынша құрғақ дала зонасына жататынын ескеру керек. Жеке қосалқы шаруашылықта өсірілген гүл өнімдерін сатудан, сондай-ақ терісі бағалы аңдар, ара, құс (тауықтан, қаздан, үйректен басқа) өсіруден алынған табыс жиынтық табысқа жазбаша өтініштің негізінде қосылады. 1, 2, 3, 4 қосымшалар.

54. Бір сотка жерден (бір бастан) өндірілген өнімнің құны өсірілетін дақылдың орташа түсімін (жеке қосалқы шаруашылықта ұсталатын мал мен құстың орташа өнімділігін) 1 килограмм (жеке қосалқы шаруашылықтың

табысын есептегенде нормативқа сәйкес құрғақ дала зонасына жатады) және шығыстардың орташа деңгейі шегеріледі.

55. Табысты есептеу үшін алдыңғы күнтізбелік жылдың өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы өнімдеріне облыста қалыптасқан, облыстық статистика органдары облыстық уәкілетті органға ұсынатын орташа жылдық бағалары пайдаланылады.

Малды (құсты) есепті кезеңде сату кезінде жиынтық табысқа облыстық статистика органдарының деректері бойынша тірі мал нарығында қалыптасқан бағалар бойынша бір жолғы табыс қосылады.

Жиынтық табыс жұмыс малы (жылқы, түйе және басқалары) мен бір жыл ішінде төлдемеген малдан (мәселен, қысыр сиыр) түскен табыс ескерілмей есептеледі. Жеке қосалқы шаруашылықта көрсетілген мал бір жылдан астам ұсталса, табыс ет бағытындағы малдан түскен табыс ретінде есепке алынады.

56. Сәйкес өнім бермейтін жастағы (төл) үй малынан, құстан түсетін табыс ол сыйға тартылған немесе өткізілген (сату, сою және тағы басқа) жағдайда ғана есепке алынады. Төлдің құны отбасының жиынтық табысына тірі мал нарығында қалыптасқан, облыстық статистика органдары ұсынған бағалар бойынша қ о с ы л а д ы .

57. Осы Ереженің 55-тармағында көрсетілгендерден басқа, үй малы, құс болған кезде жиынтық табыс табыстың жылдық сомасын он екі айға бөлу жолымен айқындалады. Шыққан сан есепті кезеңдегі айлардың санына к ө б е й т і л е д і .

58. Жеке қосалқы шаруашылықтан түскен табыс есебінің жеке нормативтік карточкасына сәйкес тұрғын уй жәрдемақыны тағайындау және төлеу жөніндегі уәкілетті орган өтініш берушінің деректері негізінде толтырады.

Тұрғын	үй	жәрдемақысын	алуға
жиынтық	табысын	есептеу	Ережесін
және аз	қамтылған	азаматтарға	тұрғын үйді
ұстауға,	коммуналдық	қызмет	көрсету
үшін	тұрғын үй	жәрдемақыларды	беру
және	қалалық	телекоммуникация	
желілерінің	абоненттеріне	телефон	
үшін	абоненттік	ақы	тарифтерінің
арттырылуына	өтемақы	беру	

Қағидаларына N 1 Қосымша

Қуаң дала аймағындағы жеке қосалқы шаруашылықтан түсетін табысты есептеудің нормативтік карточкасы.

Өсімдік шаруашылығының өнімі

Өнім	Жердің 1 соткасының орташа түсімі, килограмда	Жердің 1 соткасына жұмсалған шығыстың орташа деңгейі, теңгеде	1 килограм өнімнің орташа бағасы, теңгеде	1 соткадан өндірілген өнімнің құны, теңге (2-ші бағанға. 4-баған.)	1 сотка жерден түскен табыс (+), шығыс (-), теңге (5-ші бағанға - 3 - баған.)
1	2	3	4	5	6
Бидай	20	268			
Арпа	25	188			
Қарамық	5	150			
Жүгері (жасыл салмағы)	100	128			
Көп жылдық шөптер	15	91			
Бір жылдық шөптер	10	83			
Картоп	70	1164			
Көкөністер	80	1245			
Бақшалар	115	518			
Шекілдеуік бақтары (алма, алмұрт және басқалары)	30	583			
Сүйекті жеміс бақтары (өрік, қара өрік және басқалары)	22	514			
Жидек дақылдары	23	819			
Жүзім	22	595			

Тұрғын үй жәрдемақысын алуға
 жиынтық табысын есептеу Ережесін
 және аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді
 ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету
 үшін тұрғын үй жәрдемақыларды беру
 және қалалық телекоммуникация
 желілерінің абоненттеріне телефон
 үшін абоненттік ақы тарифтерінің
 арттырылуына өтемақы беру
 Қағидаларына N 2 қосымша

Мал шаруашылығының өнімі

Өнім	1 бастан алатын орташа өнімділік килограмда литрде	1 басқа жұмсалған шығыстың орташа деңгейі, теңгеде	1 килограм өнімнің, (1 литрі, 1 он дана жұмыртканың) орташа бағасы, теңгеде	1 бастан өндірілген өнімнің орташа бағасы теңгеде (2-баған 4-баған.)	1 бастан түскен табыс (+), шығыс (-), теңге (5-баған 3-баған.)
1	2	3	4	5	6

Сүтті ірі қара мал (сүт)	1900	21034			
Етті ірі қара мал (сиыр еті)	179	16435			
Шошқалар (шошқа еті)	110	9107			
Қойлар, ешкілер ет/жүн	22/2,5	3042			
Жылқы (жылқы еті)	124	7446			
Түйе (түйе еті)	126	2979			
Жұмыртқалайтын құс (жұмыртқа)	200 жұмыртқа	728			
Етті құс (құс еті)	2,5	489			
Жүзім					

Тұрғын үй жәрдемақысын алуға
жиынтық табысын есептеу Ережесін
және аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді
ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету
үшін тұрғын үй жәрдемақыларды беру
және қалалық телекоммуникация
желілерінің абоненттеріне телефон
үшін абоненттік ақы тарифтерінің
арттырылуына өтемақы беру
Қағидаларына N 3 қосымша

Азық – түліктік пайдаланылатын үй малдары мен құстарының жасы

Малдардың түрі	Өлшем бірлігі	Өнім беру жағдайына жеткен мал төлінің және құстардың жасы
Ірі қара мал	ай	25
Қойлар мен ешкілер	ай	12
Шошқалар	ай	10
Жылқылар	ай	16
Түйелер	ай	18
Жұмыртқалайтын құс	күн	195
Етті құс	күн	125

Тұрғын үй жәрдемақысын алуға
жиынтық табысын есептеу Ережесін
және аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді
ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету
үшін тұрғын үй жәрдемақыларды беру
және қалалық телекоммуникация

желілерінің абоненттеріне телефон
 үшін абоненттік ақы тарифтерінің
 арттырылуына өтемақы беру
 Қағидаларына N 4 қосымша

Жеке қосалқы шаруашылығынан түсетін табыс есебінің жеке типтік нормативтік карточкасы.

Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты, мекенжайы.

Ауыл шаруашылығы дақылдарының, үй малдарының, құстарының түрлері	жер, сотка, мал басы, саны	жылына түсетін табыс нормативі, теңге	жылына түсетін табыстың барлығы, теңге	бір тоқсанда түсетін табыстың барлығы, теңге
Бидай				
Арпа				
Дәні алынатын жүгері				
Күріш				
Қарамық				
Картоп				
Көкөністер				
Бақшалар				
Күнбағыс				
Қант қызылшасы				
Темекі				
Шекілдеуік бақтары				
Сүйекті жеміс бақтары				
Жемістер				
Жүзім				
Көп жылдық шөп				
Бір жылдық шөп				
Жасыл жемге берілетін жүгері				
Сүтті ірі қара мал				
Етті ірі қара мал				
Шошқалар				
Қойлар мен ешкілер				
Жылқылар				
Түйелер				
Жұмыртқалайтын құс				
Етті құс				
Жиыны: бір жылғы табыс	x	x		x
Жиыны: бір тоқсандағы табыс	x	x	x	

200__ ж. " __ " _____

(өтініш берушінің қолы)

(есепті жасаған адамның тегі, аты, әкесінің аты және қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ